

Орал қаласында 2025 жылы бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2024 жылғы 8 қарашадағы № 16-8 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 15 қарашада № 7445-07 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2025 жылғы 30 желтоқсандағы № 25-12 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 30.12.2025 № 25-12 шешімімен (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес, Орал қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Орал қаласында 2025 жылы бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесінің мөлшері салықтық кезеңде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4 (төрт) пайыздан 3 (үш) пайызға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Орал қалалық мәслихатының төрағасы

Е. Калиев